

П.А. Санатбай¹, Қ.Қ. Шалғынбаева¹, А.Е. Тауекелова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық, Қазақстан

Әлеуметтік педагогты кәсіби даярлауда Soft Skills дағдыларын дамыту мүмкіндіктері

Аңдатпа. Мақалада өзгермелі қоғам жағдайында болашақ мамандарға қойылатын талаптардың үнемі өзгеріп, қазіргі таңда soft skills дағдыларының өзектілігі мен маңыздылығы қарастырылған. Авторлар отандық және шетелдік ғылыми педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде soft skills, hard skills дағдыларының зерттеліну жағдайына талдау жасаған. Soft skills дағдыларының әлеуметтік педагогтар үшін маңыздылығын айқындау мақсатында маман иелеріне қойылатын міндеттер мен қызметтері сараланған. Мақала төңірегінде soft skills дағдылары кәсіби қызметте жетістікті қамтамасыз ететін фактор ретінде қарастырылды. Шетел ғалымдарының зерттеулеріне сәйкес soft skills дағдыларының ерекшеліктері, түрлері мен құрылымдары анықталды. Маман даярлауда soft skills дағдыларын дамытудың шетел тәжірибелері талданып, дамыту жолдары анықталды. Отандық ЖОО-да «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы студенттерінің soft skills дағдыларына көзқарастары мен қатынастары зерттелді. Зерттеу жүргізу барысында soft skills дағдыларын теориялық талдау арқылы олардың нақты математикалық өлшемдерге сәйкес келмейтін гуманитарлық қырларына байланысты оларды бақылау және өлшеу қиын екенін анықтадық. Теориялық талдау мен зерттеу нәтижелерін саралай келе, авторлар болашақ әлеуметтік педагогтарда soft skills дағдыларды дамыту арқылы кәсіби қызметке оң әсер ететін артықшылықтары айқындалды.

Түйін сөздер: әлеуметтік педагог; дағдылар; soft skills; hard skills; дамыту; талдау; кәсіби жетістік; мәселе; фактор; қызмет.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-143-2-273-284>

Кіріспе

Қазіргі өзгермелі қоғамда мамандар еңбек нарығында жоғары бәсекеге қабілетті болу үшін тек hard skills дағдыларды меңгеру жеткіліксіз деген тұжырымға көптеген ғалымдар келуде, олардың пікірінше soft skills дағдыларына деген қажеттілік жоғарылауда, яғни ең құнды кадрлар өз бойларында hard skills пен soft skills біріктіреді [1, 2]. Бұл талаптар қаншалықты білім беру саласындағы әлеуметтік-педагогикалық қызмет мамандарына да өзекті екенін анықтау қажеттілігі туындайды. Ол үшін ең алдымен жалпы әлеуметтік педагог мамандарының негізгі міндеттері мен қызметтеріне талдау жасау қажет.

Әлеуметтік педагогтардың қызметі әлеуметтік-педагогикалық проблемалардың туындауының алдын алуға, әлеуметтік-педагогикалық себептерді уақтылы анықтауға және жоюға, әртүрлі жағымсыз құбылыстардың, балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алуды қамтамасыз етуге, қоршаған ортаны сауықтыруға бағытталған. Әлеуметтік педагогтың тиімді қызметінсіз мектепте білім алуға және баланың тұтас дамуына бағытталған гуманитарлық білім беру ортасын құру мүмкін емес. Learning Policy Institute аға ғылыми қызметкері L. Flook өз мақаласында мектепте тиімді оқытуға, сондай-ақ балалардың тұтас дамуына әсер ететін 4 компонентті бөліп көрсетті:

1) мектептің жағымды ауа-райы – қолайлы орта құру;

2) оқытудың тиімді стратегиялары – білім алушыларға оқу үдерісі мен мазмұнына әсер етуге мүмкіндік беру;

3) әлеуметтік-эмоционалдық даму – әлеуметтік, эмоционалдық және академиялық құзыреттілікті қалыптастыратын дағдыларды дамыту;

4) жекелеңдірілген қолдау – мектептерді қолдаудың интеграцияланған жүйесін құру [3].

Осыған сүйене отырып, оқытудағы жетістік тек мұғалімге ғана емес, сонымен қатар бейінді мамандарға – әлеуметтік педагогтар мен психологтарға да байланысты. Мұндай кешенді тәсіл балаларға өз әлеуетін ашуға және олардың табысты білім алуын қамтамасыз етуге көмектеседі. Қазіргі әлемдегі әлеуметтік педагогтар қызметінің өзектілігі артып келеді, өйткені қазіргі мектеп білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық сүйемелдеу жүйесін қолдауға және дамытуға аса мұқтаж екенің Қазақстан Республикасының Президенті өзінің Қазақстан халқына Жолдауында және білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айтып өтті [4, 5].

Осылайша, қазіргі заманғы мектеп жүйесі білім алушылардың әлеуметтік-педагогикалық мәселелерін болдырмауға, әлеуметтік-педагогикалық себептерді тиімді және уақтылы анықтауға, жоюға, жағымсыз құбылыстардың, балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алуды қамтамасыз етуге дайын әлеуметтік-педагогикалық қызмет мамандарына мұқтаж. Бұл болашақ мамандарға нақты кәсіби білімге, құзыреттілікке ғана емес, сонымен қатар soft skills дағдыларға да жоғары талаптар қояды, өйткені әлеуметтік педагог «адам-адам» мамандығына жатады. Зерттеулерді талдай келе мамандарды даярлауда soft skills дағдыларына назар аудару қажет, өйткені ХХІ ғасырда бұл дағдылар табысқа жетуді қамтамасыз ететін фактор болып табылады. Шынында да, soft skills – бұл тұлғааралық дағдыларға, эмоционалды интеллектке және әлеуметтік дағдыларға қатысты өмірлік дағдылармен тығыз байланысты сөз тіркесі.

Негізгі бөлім

Soft skills – бұл өмірлік дағдылардың, әлеуметтік дағдылардың, тұлғааралық дағдылардың, жеке қасиеттердің, атрибуттардың және даралықтың қоспасы. Бұл дағдылар басқалармен жағымды және жылы шырайлы қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді. Soft skills дағдылары келіссөздер жүргізу, жанжалдарды шешу, желі құру, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау, клиенттерге ең жақсы қызмет көрсету, тиімді топтық жұмыс, мәселелерді шешу дағдылары, жұмыста қысымды басқару және т. б. көптеген параметрлерді қамтиды.

Отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерді талдаудың негізінде келесі нәтижелерге қол жеткіздік:

– soft skills ұғымы білім беру әдебиеттерінен гөрі іскер әдебиеттерде жиі қолданылады (72%);

– жалпы дағдылармен салыстырғанда soft skills ұғымы сирек қолданылады (25%);

– отандық зерттеулерге қарағанда Еуропа мен АҚШ-та бұл мәселеге арналған зерттеулер әлдеқайда көп (87%);

– шетелдік зерттеулерде soft skills дағдыларын дамытуға бағытталған дидактикада кейбір инновациялар, оларды бағалау және бекіту үшін қолданылатын оқыту әдістері мен құралдары ұсынылады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдаудың негізінде soft skills ұғымына көптеген анықтамалар анықталды. В. Kingsley өзінің soft skills дағдыларын зерттеуде тұлғаишілік және тұлғааралық құзыреттіліктерге сүйенген.

Тұлғаишілік құзыреттіліктер адамның өзі түсінуі және дамытуы керек нәрсені білдіреді, ал екінші категория басқа адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы адам дамыта алатын нәрсені жинақтайды. Бұл айырмашылықты жеке және әлеуметтік дағдылар тұрғысынан да жасауға болады. Жеке дағдылар негізінен білім мен ойлау дағдылары сияқты когнитивті

дағдыларға сәйкес келеді, ал әлеуметтік дағдылар басқа адамдармен қарым-қатынасты білдіреді. Жеке дағдылар ретінде оқуды жалғастыру қабілеті мен қалауы, жоспарлау және мақсатқа жету қабілеттерін қарастыруға болады. Негізгі әлеуметтік дағдыларды қарым-қатынаста, тыңдауда, келіссөздер жүргізуде, байланыс орнатуда, мәселелерді шешуде, шешім қабылдауда және өзін-өзі растауда көруге болады [6].

С.С. Grip пайымдауынша өзгермелі жағдайларда soft skills дағдылары hard skills дағдыларының өзектілігін дамыту және сақтау үшін қажетті икемділік береді. Яғни биологиялық тұғырға сүйене отырып, soft skills адамның маңдай алды ми қыртысында дамыған пластикалық, ұтымды, даму қабілеттерімен тығыз байланысты екеніне негізделеді. Hard skills адамға нақты кім екенің анықтауға мүмкіндік береді, мәселен: тәрбиеші, математик, бағдарламашы. Ал soft skills индивид рөлінен және мамандықтың қатаң талаптарынан тыс бағытта әрекет етеді [7].

Жазылғандарды пайымдай келе, шетелдік зерттеулерді soft skills дағдыларының мазмұның сипаттайтын бірнеше атауларды анықтауға болады және олар уақыт ағымына қарай өзгеріске ұшыраған:

1990-2000 жж.

- өмірлік дағдылар
- өтпелі дағдылар

2000-2010 жж.

- жалпы құзыреттіліктер
- табысты өмір сүруге және қоғамның дұрыс қызмет етуіне арналған түйінді құзыреттіліктер

- өмір бойы білім алудың түйінді құзыреттіліктері
- ХХІ ғасыр құзыреттіліктері
- болашақ қызмет үшін қажетті дағдылар

2010-2020 жж.

- беуәрілетін дағдылар
- талант үшін қажетті дағдылар
- әлеуметтік прогресс үшін қажетті дағдылар

Осы топтастыруға сай қазіргі таңда soft skills белгілі бір мамандықта жетістікке жетуді қамтамасыз ететін дағдылар ретінде сипаттауға болады.

Шетелдік ғалымдар қазіргі әлемде 87-ден астам soft skills дағдылары бар екенін анықтады [8], оларды жеті қажетті дағдылармен байланыстыруға болады, атап айтқанда:

- қарым-қатынас дағдылары;
- көшбасшылық дағдылар;
- әсер ету дағдылары;
- тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары;
- жеке дағдылар;
- шығармашылық дағдылар;
- кәсіби дағдылар.

Сонымен, әлеуметтік педагогтың міндеттері мен функцияларын тиімді іске асыру үшін тек hard skills дағдыларының болуы жеткіліксіз, себебі олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып, кәсіби табысқа жетуді қамтамасыз ететін фактор ретінде қарастырылатын soft skills дағдылары қажет.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет көптеген функцияларды орындауға бағытталған, сондықтан бұл мамандық көп бейінді. Осыған орай, болашақ әлеуметтік педагог байқағыш, жағдайда тез бағдарлана білетін, қиын өмірлік жағдайлардағы адамдарға көмектесе алатын, нақты ойлауға және рефлексияға қабілетті және эмпатия, сезімталдық, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бақылау, көпшілдік, адамдармен қарым-қатынасқа бағдарлану, жүйке-психикалық тұрақтылық, төзімділік және адамгершілікке төзімділік қабілеттері тән болуы керек. Яғни, әлеуметтік педагогтар үшін hard skills дағдыларымен қатар soft skills дағдылары маңызды.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдау көрсеткендей, soft skills дағдыларын дамыту қажет, бірақ бұл білімсіз іске асу мүмкін емес. Сондықтан бұл міндетті болашақ мамандарды даярлау үдерісінде іске асыру қажет. Осылайша, Еуропаның кейбір жоғары оқу орындары soft skills дағдыларын дамыту мақсатында студенттер арасында көптеген тренингтер өткізіледі және болашақта кәсіби қызметке қажетті soft skills компоненттерін зерттеу бойынша ғылыми жобалар жүзеге асырылады.

D. Hickman пікірінше қазіргі заманғы жоғары оқу орындарына кәсіби білім, құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталмай, сонымен бірге студенттерде soft skills дағдыларын дамыту үшін әртүрлі әдіснамалар мен әдістерге назар аудару қажет. Себебі soft skills тек кәсіби бағытта ғана емес, күнделікті өмірде жетістікті қамтамасыз етеді. Жоғары оқу орны аясында soft skills дағдыларын дамыту әртүрлі әдістердің, жобалардың, семинарлардың, тақырыптық зерттеулердің, тренингтердің және т.б. көмегімен мүмкін болады.

Жоғарыда жазылғандарды қортындылай келе, шетелдің көптеген зерттеушілері soft skills дағдылары мамандарды кәсіби даярлауда аса маңызды екеніне көз жеткізді. Дегенмен олардың құрылымдарының көптігіне қарамастан ғалымдар эмоционалды интеллектіге ерекше назар аударады. Бұл өтпелі дағдының ықтимал анықтамасы – эмоцияларды қабылдау және білдіру, оларды түсіну және оң пайдалану, сондай-ақ өзінің және басқалардың бойында эмоцияларды тиімді басқару қабілеті. Осылайша, эмоционалды интеллект өнімділік саласында басты рөл атқарады.

H. Hyder, Z. Mahmood, S. H. Hasan ғалымдардың пікірінше soft skills дағдыларды игеру үшін 5 негізгі құрылымнан тұратын «эмоционалды интеллект баспалдағымен көтерілу» керек:

- өзін-өзі тану;
- өзін-өзі бақылау;
- бағытталған мотивация;
- әлеуметтік хабардарлық;
- әлеуметтік әсер.

Эмоционалды баспалдақтың қадамдары әр түрлі soft skills дағдыларына сәйкес келеді және олар даму барысында меңгеріледі. Бұл үдеріс өзін-өзі тануға сәйкес келеді, содан кейін өзін-өзі бақылауға, бағытталған мотивацияға, әлеуметтік хабардарлыққа және ақырында әлеуметтік әсерге қол жеткізуге болады.

Сондай-ақ, ғалымдардың пікірінше, soft skills дағдылары үшін әлеуметтік сәйкестілік маңызды, оларға:

- * өзін-өзі тану;
- * өзін-өзі басқару;
- * қарым-қатынас;
- * эмпатия;
- * айырмашылықтарға қарамастан тиімді диалогқа жету жатады.

Soft skills дағдыларының құрылымдарын зерттей келе, болашақ әлеуметтік педагогтарда бұл дағдыларды дамыту арқылы кәсіби қызметке оң әсер етіп, бірқатар артықшылықтарды айқындайды:

- балалар мен жасөспірімдердегі жағымсыз құбылыстар мен мінез-құлықтардың ықтимал нәтижелері мен салдарын болжау, талдау және бағалау;
- әлеуметтік-педагогикалық мәселенің практикалық шешімдерін ұсыну;
- әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді алдын алу;
- әлеуметтік-педагогикалық қызметке тән дағдылармен қатар тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларына ие болу;
- педагогикалық үдерістің барлық субъектілерімен тиімді қарым-қатынас жасау;
- белсенді тыңдау және қабылдау, басқалармен қарым-қатынас жасау, әріптестерімен ынтымақтасу және т.б.
- жайлылық деңгейінен шығып, озық идеяларды ұсыну;

- өз қызметіне, сондай-ақ педагогикалық үдерістің басқа субъектілеріне өте жағымды мінез-құлық пен көзқарас таныту;
- өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен жасөспірімдерді көтермелеу, қолдау, ынталандыру және шабыттандыру;
- өмірге және қоғамға тиісті этикалық қатынасты қолдану және т. б.

Жоғарыда айтылғандай, өзгермелі қоғамда soft skills дағдылары кәсіби қызметтегі сәттілікті анықтайды, бірақ олар hard skills дағдыларымен кіріктірілуі қажет, сондықтан оларды кәсіби дайындық үдерісінде дамыту керек. Soft skills дағдылары әр маманның маңызды құрамдас бөлігі болғанымен, hard skills дағдыларынан басты айырмашылығы оларды оқыту мүмкін емес, оларды дамытуға болады. Soft skills дағдыларын дамыту өмір бойына жалғасатын шегі жоқ және жалықтыратын үдеріс.

Еуропалық университеттердің Ұлы Хартиясына сәйкес, білім беру мекемелері қабілетті кәсіби маман болу үшін жас ұрпаққа hard skills дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, ең алдымен қоғамға белсенді және позитивті қатыса алатын азаматтарды құруы керек, содан кейін олардың бойында қиын soft skills дағдыларын дамытуда қолдау көрсету керек.

Soft skills дағдыларын дамыту – ерте кезден басталуы қажет іргелі білім беру қызметі және білім беру бағдарламалары қазіргі жылдам өзгеретін әлемдегі болашақ мамандарды бәсекеге қабілетті болуға үйрету үшін болашақтың мүмкін сценарийлерін ескеру керек. Яғни, soft skills дағдылары тек кәсіби қызмет үшін ғана емес, күнделікті өмірде де қажет, сондықтан да білім беру мекемелері студенттерге кез-келген жағдайда олар үшін пайдалы болатын құзыреттіліктерді дамытуға көмектесетін әдістемелер мен әдістерге назар аударуы керек.

ЭЫДҰ дайындаған «Әлеуметтік прогреске арналған дағдылар» баяндамасында ХХІ ғасырдағы қиындықтарға жақсы қарсы тұру үшін когнитивті, әлеуметтік және эмоционалдық дағдылардың теңдестірілген жиынтығы бар «тұтас баланы» дамыту қажеттілігі көрсетілген. Осы баяндамаға сай «дағдылар дағдыларды қалыптастыратындықтан» әлеуметтік, эмоционалдық дағдыларды дамытуға ерте араласу тиімді біліктілікті арттыруда және білім берудегі, еңбек нарығындағы, әлеуметтік саладағы айырмашылықтарды азайтуда маңызды рөл атқаруы мүмкін [9].

Кәсіби даярлық үдерісінде soft skills дағдыларын дамыту үшін кәсіби нәтижелерге қол жеткізген тәжірибелі мамандардың қолдауы қажет. Сарапшылардың семинарлары, коучинг және репетиторлық сабақтар soft skills дағдыларын дамытудың тиімді құралы болып табылады. Атап айтқанда, жеке өсу мен оқуды жеке қолдай алатын және оған қамқорлық жасай алатын тәлімгерлер өз студенттерінің құзыреттіліктерін дамыту үдерісінде ықпалды болып саналады. Университет оқытушысы студентке емтихан тапсыруға қолдау көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың көзқарастарын жақсырақ түсінуге, дағдыларын дамытуға, содан кейін кәсіби өмірде өз жолын табуға көмектеседі.

Soft skills дағдыларының дамуы бірнеше елдерде әртүрлі өзектілікке ие. Бірнеше елдер soft skills дағдыларын міндетті деп санаса, басқа елдерде бұл тек қызығушылық танытқан студенттер үшін сұраныс бойынша қосымша сабақ ретінде ұсынылады. Екі жағдайда да университеттер soft skills дағдыларын дамыту курстары мен іс-шараларын ұйымдастырады. Кейбір жағдайларда студенттер бұл курстарды өздері ұйымдастырады, мысалы, Польшада студенттік кәсіподақтардың өздері soft skills дағдыларды үйрету шараларын ұсынады.

Soft skills дағдыларын дамыту белгілі бір пәнге сәйкес келетін әдеттегі курсқа енгізілуі мүмкін немесе оларды жекелеген мамандандырылған іс-шаралар шеңберінде оқытуға болады (курстар ғана емес, сонымен қатар жобалық жұмыстар, сапарлар, саяхаттар және т.б.).

Тәжірибеде soft skills дағдыларын оқу процесіне кіріктірудің шетелдік тәжірибесі бар, мысалы, маңызды Еуропалық жобалардың бірі – «Жоғары оқу орындарында soft skills дағдыларды жанамалау» бакалавриат деңгейінде soft skills дағдыларды оқытудың

бірыңғай әдістемесіне бағытталған. Бұл жобаның қазір қол жетімді кейбір нәтижелері – бірнеше тілдегі нұсқаулық және оқу ойынының прототипі болып табылады. Басты назар студенттерге soft skills дағдылардағы өз олқылықтарын анықтауға және оларды өз бетінше толтыруды үйренуге көмектесуге аударылады. Жобаның негізгі нәтижелері студенттерге арналған өзін-өзі бағалау, бағдарлау құралы және алынған сабақтар жиынтығы болып табылады [9].

Сондай-ақ, «Тюнинг» жобасы soft skills дағдыларын дамытудың бірнеше балама әдістерін ұсынады:

- 1) Soft skills дағдыларын әртүрлі пәндерге кіріктіру.
- 2) Әр түрлі soft skills дағдыларын дамытуға бағытталған семинарлар өткізу.
- 3) Әр семестрдің басында екі аптаны soft skills дағдыларын дамыту тренингтеріне арнау.
- 4) Әрбір soft skills дағдылары үшін әртүрлі пәндер әзірлеу және оларды тек soft skills дағдыларын дамытумен айналысатын әртүрлі оқытушылармен бағдарламаларға біріктіру.
- 5) Толық семестрді белгілі бір soft skills дағдыларын дамытуға арнау.

Бірінші әдіске артықшылық берілді, өйткені ол қалған төртеуіне қарағанда тиімдірек, нақты және қолдануға оңай деп саналады. Soft skills дағдыларын дамыту моделі алдымен дамуға мүмкін болатын құзыреттілікті анықтау, содан кейін олардың салдарын қарастыруды қамтиды. Soft skills дағдыларын дамытуды белгілі бір пәнге енгізу үшін әрбір дидактикалық модуль осы контексте оқытылуы мүмкін бір немесе бірнеше өтпелі құзыреттерге қатысты картаны жасауға болады.

Модельді енгізу, содан кейін soft skills дағдыларын тиімді дамыту жауапкершілігі толығымен білім беру мекемесіне тиесілі. Профессорлардың шектеулі тобы ғана емес, сонымен бірге білім беру мекемесінің әкімшілігі soft skills дағдыларының ішіндегі маңыздыларын айқындау керек. Ең тиімдісі 4 немесе 5 soft skills дағдыларын анықтау. Содан кейін осы soft skills дағдыларын университеттің мақсаттары мен құндылықтарына сәйкестігін тексеріп, университет стратегиясына кіріктіріліп, кез-келген ресми құжатта сипатталғаны жөн. Практикалық тұрғыдан алғанда, бұл әрекетті жүзеге асыру үшін, ең алдымен soft skills дағдыларымен байланысы әр академиялық және кәсіби профиль мен дидактикалық бағдарламаға терең талдау жүргізілгеннен кейін ғана әрбір пәнге енгізу мүмкіндігі туындайды. Бұл soft skills дағдылары әр профилде қаншалықты маңызды екенін және оларды қалай бағалау керектігін анықтау қажет. Soft skills дағдыларын әзірлеу және бағалау кезінде бағдарламаны бақылау және қолдау үшін тұрақты топ құру керек.

Мысалы, Италия университеттерінде сегіз soft skills дағдыларды зерттеген ауқымды сауалнама жүргізілді:

- 1) мәселелерді шешу
- 2) ақпаратты талдау және синтездеу
- 3) өзіндік сын
- 4) тиімді байланыс
- 5) өмір бойы оқыту
- 6) топтық жұмыс
- 7) бастамашылдық
- 8) ұйымдастыру және жоспарлау

Сауалнаманы жүргізу барысында бірнеше нәтижелерге қол жеткізілді:

– бастамашылық, ұйымдастыру және жоспарлауға қабілеттіліктерді қалыптастыру қиын, ал ақпаратты талдау және синтездеу университеттерде оқыту үшін ең оңай болып саналады.

– әр түрлі пәндік топтар әр soft skills дағдылардың маңыздылығын әр түрлі қабылдайды. Мысалы, әлеуметтік педагогтар үшін эмоционалды интеллект сәулетшілерге қарағанда әлдеқайда маңызды.

– жоғарыда аталған soft skills дағдыларын дамытудың кейбір құралдары анықталды: зертханалар; жұмыс топтары; жағдайлық зерттеулер; модельдеу; жобалау жұмыстары; студенттердің презентациялары.

– кейбір инновациялық әдістер ұсынылған: академиялық жазбаша араласу / коммуникациялық материалдарды құру ; тұлғааралық кәсіби даму бағдарламалары / әлеуметтік дағдылар мен көшбасшылыққа бағытталған академиялық пәндер; soft skills дағдыларды дамыту бағдарламалары / soft skills дағдылар бойынша семинарларды курстарға қосу.

Шетел тәжірибесін талдау арқылы soft skills дағдыларын дамытудың жолдары айқындалды. Салыстырмалы педагогиканың ғылыми теориялық негіздеріне сүйенетін болсақ, механикалық түрде шетел тәжірибесін отандық жүйеге ендіру оң нәтиже бермеуі мүмкін. Салыстырмалы педагогиканың қағидаларына сай ең алдымен отандық тәжірибені зертеу қажет.

Зерттеу әдістері

Soft skills дағдыларын теориялық талдау арқылы олардың нақты математикалық өлшемдерге сәйкес келмейтін гуманитарлық қырларына байланысты оларды бақылау және өлшеу қиын екенін анықтадық. Алайда, көріп отырғанымыздай, іс жүзінде soft skills дағдылары дамуының сапалы деңгейін бағалауға көмектесетін тесттер мен сұхбаттасу әдістері бар [10].

Жоғарыда айтылғандай, soft skills-тің 87-ден астам дағдылары бар және болашақ әлеуметтік педагогтар үшін маңыздырақ 4-5 дағдыларды ғана анықтаған жөн.

Зерттеу нәтижесінде біз soft skills дағдыларының құрылымын анықтадық, оларға:

- қарым-қатынас дағдылары;
- эмоционалды интеллект;
- әлеуметтік сәйкестілік (кәсіби аспект бойынша);
- мақсатқа жетуге бағдарлану;
- әлеуметтік дағдылар.

Soft skills дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесінің негізі ретінде болашақ әлеуметтік педагогтардың санаттары бойынша когнитивті емес сипаттамаларға қатысты тест сұрақтары алынды, олар келесі мазмұнды қамтыды:

– әртүрлі әлеуметтік-педагогикалық жағдайларда коммуникативтік құралдар мен стратегияларды пайдаланудағы икемділік, әлеуметтік педагогтың өз ойларын білдіру және өз идеялары мен білімдерін жеткізу қабілеті, сондай-ақ сендіру, келіссөздер жүргізу және тыңдау қабілеті;

– педагогикалық үдеріс субъектілерімен өзара әрекеттесу және әлеуметтік педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздеріне сүйене отырып, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік-педагогикалық мәселелерін шешу;

– өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен жасөспірімдердің эмоцияларын тану және ниеттерін түсіну; өз эмоциялары мен күйлерін басқару; педагогикалық процесс субъектілерінің эмоциялары мен күйлеріне әсер ету;

– әлеуметтік-педагогикалық проблеманы және оны анықтайтын себептер мен көздердің барлық кешенін анықтау; оның салдарын емес, балалар мен жасөспірімдерде өмірлік қиын жағдайдың туындау себебін анықтау және жою; әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді шешуге жүйелі пәнаралық тәсіл қолдану;

– қиын өмірлік жағдайға тап болған балалармен және жасөспірімдермен оң қарым-қатынас орнату, жанжалды жағдайларды шешуге, әлеуметтік ортаны түсінуге, оның құрылымын, нормаларын, ішкі өзара әрекеттесу этикасын білуге қажетті дағдылар мен біліктерді дамыту.

Осыған сүйене отырып, біз «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының студенттері арасында soft skills дағдыларының болашақ кәсіби қызметінде қаншалық маңызды екенін анықтауды жөн көрдік. Зерттеуге М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың 4 курс студенттері қатысты. Сауалнама soft skills дағдыларының маңыздылығын, мазмұнын айқындайтын сұрақтардан құрылған.

Зерттеу нәтижелері

Сауалнама нәтижелерін өңдеу арқылы респонденттердің 75% soft skills-тен гөрі hard skills-ті дамытуға көңіл бөледі, алайда педагогикалық практика кезеңінде студенттердің 80% астамы болашақ кәсіби қызметте табысқа жетуді қамтамасыз ететін дағдылардың жетіспеушілігін сезінеді.

Зерттеу кезінде респонденттердің «Болашақ кәсіби қызмет үшін қандай soft skills маңызды» деген сұраққа жауаптарын жоғарыда берілген құрылымдармен ерекше қызығушылық тудырды. Дағдылардың маңыздылығының сәйкес келу тенденциясын және студенттер болашақ әлеуметтік педагогтарда soft skills дағдылардың дамуының маңыздылығын айқындады (1-сурет).



Сурет 1. Сауалнама нәтижелері

Сауалнама нәтижелерін талдау көрсеткендей, soft skills-ті қарапайым түрде анықтау қиын және оларды тиімді анықтау үшін көптеген элементтерді ескеру қажет. Олардың бірі – болашақ әлеуметтік педагогтардың дамуының оң психологиялық жағдайын зерттеу.

Оларға:

- 1) өзіне деген сенімділік (өзіндік тиімділік)
- 2) оң атрибуция (оптимизм)
- 3) мақсаттарға жетудегі табандылық (үміт)
- 4) қолдау және қалпына келтіру (өміршеңдік).

Соңғы тенденциялар тек soft skills дағдыларын дамытуды ескірген тәсіл деп санайды. Soft skills пен hard skills арасындағы шекараны анықтау қиын, өйткені олар біріктірілген және бірдей тапсырма әрқашан екеуін бірге пайдалануды талап етеді.

Мысалы, әлеуметтік педагог жас психологиясын, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін, конфликтология негіздерін, психодиагностиканы білуі керек, бірақ сонымен бірге ол балалар мен жасөспірімдердегі жағымсыз құбылыстар мен мінез-құлықтардың ықтимал нәтижелері мен салдарын болжай, талдай және бағалай білуі керек; анықталған әлеуметтік-педагогикалық мәселенің практикалық шешімдерін ұсына алуы қажет; әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің алдын алып, пайда болуы мүмкін проблемалар айқындай алу керек; әлеуметтік-педагогикалық қызметке тән дағдылармен қатар тұлғааралық дағдыларға ие болу қажет; педагогикалық процестің барлық субъектілерімен

тиімді қарым-қатынас жасау керек; белсенді тыңдау және қабылдау, басқалармен өзара әрекеттесу, әріптестерімен ынтымақтастық және т. б. анықтау қажет.

Содан кейін soft skills дағдыларын hard skills дағдыларымен кіріктіру тұрғысынан дамытудың ең тиімді әдісін ұсынуға болады. Soft skills дағдыларын дамыту әдісі олардың анықтамасымен қатаң байланысты. Soft skills жеке ресурстар болып саналса, оларды контекст пен жағдай арқылы белсендіруге болады, содан кейін модельдеу және кейс-стади әдістері әсіресе пайдалы болуы мүмкін.

Қабілеттер мен көрсеткіштерді функционалды тәсіл арқылы жақсартуға болатындықтан, жобалық жұмыс сияқты әдістер бұл жағдайда soft skills дағдыларды дамыту тиімдірек. Soft skills дағдыларын игерген соң, оларды бір контекстен екіншісіне ауыстыруға болады және бірдей оқу процесінде әртүрлі нәтиже алуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, пәндік негіздер мен пәнаралық soft skills дағдыларды ажырату пайдалы. Біріншісі тақырыппен байланысты, ал екіншісі пәндер үшін өтпелі, содан кейін пәндік негіздерді белгілі бір пәндер бойынша оқытуға болады, ал кросс-оқу жоспарларын әр пән бойынша, сондай-ақ өтпелі дағдыларды дамытуға бағытталған бастамалар арқылы көтермелеуге болады.

Soft skills дағдыларын дамыту кезінде ескеретін соңғы маңызды мәселе – бұл дағдыларды оқыту процесі динамикалық сипатқа ие және кез келген уақытта олар міндеттеме, қатысу және тәуелділік арқылы дами алады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, біз болашақ әлеуметтік педагогтарда soft skills дағдыларын дамытуы қажеттілі туындады және ол келесі шарттарға байланысты:

– оларды қарапайым түрде анықтау қиын және оларды тиімді анықтау үшін көптеген элементтерді ескеру қажет;

– оларды hard skills дағдыларымен біріктірілген деп санауға болады және олармен бірге дамытуға болады. Soft skills және hard skills арасында синергия бар, соңғы тенденциялар бірінші дағдыларды екіншісінен бөлек үйрету қиын екенін көрсетеді;

– контекст soft skills үшін маңызды рөл атқарады, оны одан бөлуге болмайды. Әр адам жұмыс істеп, өмір сүрген кезде қоршаған әлеммен байланысты өзінің soft skills дағдыларын байқатады;

– болашақ әлеуметтік педагогтар soft skills дағдыларын дамытуда іргелі рөл атқарады, өйткені ол ең алдымен өз дағдыларын біліп, өз құзыреттерін жақсарту үшін белсенді стратегиялар мен әрекеттерге қабілетті болуы керек;

– soft skills дағдыларын дәл өлшеу мүмкін емес, белгілі бір жолмен әрекет ету тенденциясы немесе ықтималдығы туралы айту дұрысырақ;

– өмір бойы оқытуды көздеейді, яғни оларды жеке адамның өмір бойы, білім беру мекемелері арқылы, сондай-ақ жеке және кәсіби тәжірибелерінде үйренуге және дамытуға болады;

– soft skills дағдыларын тиімді оқыту үшін мектеп және университеттер бағдарламаларын жаңартқан жөн. Бірақ soft skills дағдыларының барлығын оқу орындарында дамыту мүмкін емес, кейбіреулері өсу үшін жұмыс контекстін қажет етеді;

– soft skills дағдыларын дамыту студенттерге жобалық жұмыс, модельдеу, кейс-стади, оқыту ойыны және т.б. сияқты оларды дамытуға көмектесетін дидактикалық құралдарды қолдана отырып, әр пәнге тиімді түрде біріктірілуі мүмкін;

– жаңа технологиялар – бұл soft skills дағдыларын дамытудың өте қуатты құралы. Цифрлық технологияларды қолдануда өтпелі құзыреттіліктер мен мүмкіндіктерді қажет етеді;

– оқу орындары мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастық soft skills дағдылардың дамуында маңызды рөл атқарады. Тәжірибеде оқыту – біліктілікті арттырудың ең жақсы тәсілдерінің бірі;

– кәсіби қызметте ғана емес, өмірде іргелі рөлді атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Seetha N. Are soft skills important in the workplace? A preliminary investigation in Malaysia. International Journal of Academic Research in Business and Social Science. – 2014. – № 4. – P. 44– 56.
2. Griffith D., Hoppner J. Global marketing managers. International Marketing Review. – 2013. – № 30. – P. 21–41.
3. Григорьев И.С. Обзор статьи «Четыре пути, которыми обучение в школе может работать на целостное развитие ребенка». [Электрон.ресурс] – URL: <https://prodod.moscow/archives/15715>. (дата обращения: 18.11.2022).
4. Послание Главы Государства К.К. Токаева народу Казахстана. Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество. [Электрон.ресурс] – URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130> (дата обращения: 18.11.2022).
5. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы. [Электрон.ресурс] – URL: https://strategy2050.kz/ru/state_programs/razvitie-obrazovaniya-i-nauki-rk-na-2020-2050-gody/ (дата обращения: 18.11.2022).
6. Engelberg S. Educating for Quality in the Wood Industry: Some Words of Caution. International Journal of Quality Research. – 2016. –10(1). – P. 89-96.
7. Huma Hyder, Zahid Mahmood, Syed Hamid Hasan. Soft Skills: A Research Study On Outdoing Academics And Conquer The World – Palarch’s Journal of Archaeology of Egypt. Egyptology. – 2020. – P. 7806-7815.
8. Grisi C.G.A. Soft Skills: a close link between enterprises and ethics. Speech at “Soft Skills and their role in employability – New perspectives in teaching, assessment and certification”, workshop in Bertinoro, FC, Italy. – 2014.
9. Cinque M. Comparative analysis on the state of the art of Soft Skill identification and training in Europe and some Third Countries. Speech at “Soft Skills and their role in employability – New perspectives in teaching, assessment and certification”, workshop in Bertinoro, FC, Italy. – 2015.
10. Nikoletta, Bika. How to assess soft skills in an interview [Электрон. ресурс] – URL: <https://resources.workable.com/stories-and-insights/softskills-interview-questions#>. (дата обращения: 18.11.2022).

П.А. Санатбай¹, К.К. Шалгынбаева¹, А.Е. Тауекелова²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Аркалыкский педагогический институт имени И. Алтынсарина, Аркалык, Казахстан

Возможности развития навыков Soft Skills в профессиональной подготовке социальных педагогов

Аннотация. В условиях быстро меняющегося мира меняются требования, предъявляемые специалистам, и в связи с этим актуальным становится проблема развития навыков soft skills. Авторы провели анализ состояния изученности навыков soft skills, hard skills в отечественной и зарубежной научно-педагогической, психологической литературе. В целях определения значимости навыков Soft skills для социальных педагогов дифференцированы задачи и функции, предъявляемые к специалистам социально-педагогической деятельности. В рамках статьи навыки soft skills рассматривались как фактор, обеспечивающий успех в профессиональной деятельности. Согласно исследованиям зарубежных ученых выявлены особенности, виды и структуры навыков soft skills. Проанализирован зарубежный опыт и определены пути развития навыков soft skills в подготовке специалистов. В рамках статьи изучены взгляды и отношения студентов специальности «Социальная педагогика и самопознание» к навыкам soft skills. В ходе проведения исследования и теоретического анализа навыков soft skills мы обнаружили, что их трудно отслеживать и измерять из-за их гуманитарных аспектов, которые не соответствуют реальным математическим критериям. Анализируя результаты теоретического анализа и исследования, авторами были выявлены преимущества soft skills у будущих социальных педагогов, оказывающие положительное влияние на профессиональную деятельность через развитие этих навыков.

Ключевые слова: социальный педагог; навыки; soft skills; hard skills; развитие; анализ; профессиональный успех; проблема; фактор; деятельность.

P.A. Sanatbay¹, K.K. Shalgynbayeva¹, A.Ye. Tauekelova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Arkalyk Pedagogical Institute named after Y. Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan

Opportunities for the development of soft skills in the professional training of social educators

Abstract. In a rapidly changing world, the requirements for specialists are changing, and in this regard, the problem of developing soft skills becomes relevant. The authors analyzed the state of knowledge of soft skills, hard skills in domestic and foreign scientific, pedagogical, psychological literature. In order to determine the importance of Soft skills for social educators, the tasks and functions imposed on specialists of socio-pedagogical activity are differentiated. Within the framework of the article, soft skills were considered as a factor ensuring success in professional activity. According to the research of foreign scientists, the features, types and structures of soft skills have been identified. The foreign experience is analyzed and the ways of soft skills development in the training of specialists are determined. The article examines the views and attitudes of students of the specialty "Social Pedagogy and self-knowledge" to soft skills. During the research and theoretical analysis of soft skills, we found that they are difficult to track and measure because of their humanitarian aspects that do not meet real mathematical criteria. Analyzing the results of theoretical analysis and research, the authors identified the advantages of soft skills among future social educators, which have a positive impact on professional activity through the development of these skills.

Keywords: social educators; skills; soft skills; hard skills; development; analysis; professional success; problem; factor; activity.

References

1. Seetha N. Are soft skills important in the workplace? A preliminary investigation in Malaysia. *International Journal of Academic Research in Business and Social Science*. 2014. No.4. P. 44– 56.
2. Griffith D., Hoppner J. Global marketing managers. *International Marketing Review*. 2013. No.30. P. 21–41.
3. Grigor'ev I.S. Obzor stat'i «Chetyre puti, kotorymi obuchenie v shkole mozhet rabotat' na celostnoe razvitie rebenka» [A review of the article "Four ways schooling can work for a child's holistic development"]. Available at: <https://prodod.moscow/archives/15715> (accessed 18.11.2022).
4. Poslanie Glavy Gosudarstva K.K. Tokaeva narodu Kazahstana. Spravedlivoe gosudartsvo. Edinaya naciya. Blagopoluchnoe obshchestvo [Message of the Head of State K.K. Tokayev to the people of Kazakhstan. Fair state. Unified nation. A prosperous society]. Available at: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130> (accessed 18.11.2022).
5. Gosudarstvennaya programma razvitiya obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan na 2020-2025 gody [State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. Available at: https://strategy2050.kz/ru/state_programs/razvitie-obrazovaniya-i-nauki-rk-na-2020-2050-gody/ (accessed 18.11.2022).
6. Engelberg, S. Educating for Quality in the Wood Industry: Some Words of Caution. *International Journal of Quality Research*. 2016. No. 10(1). P. 89-96.
7. Hyder H., Mahmood Z., Hamid Hasan S. Soft Skills: A Research Study On Outdoing Academics And Conquer The World – Palarch's Journal of Archaeology of Egypt. *Egyptology*. 2020. P. 7806-7815.
8. Grisi C.G.A. Soft Skills: a close link between enterprises and ethics. Speech at "Soft Skills and their role in employability – New perspectives in teaching, assessment and certification", workshop in Bertinoro, FC, Italy. – November, 2014.
9. Cinque M. Comparative analysis on the state of the art of Soft Skill identification and training in Europe and some Third Countries. Speech at "Soft Skills and their role in employability – New perspectives in teaching, assessment and certification", workshop in Bertinoro, FC, Italy. – November, 2015.
10. Nikoletta B. How to assess soft skills in an interview. Available at: <https://resources.workable.com/stories-and-insights/softskills-interview-questions#> (accessed 18.11.2022).

Авторлар туралы мәлімет:

Санатбай П.А. – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының 1 курс PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Шалғынбаева Қ.Қ. – педагогика ғылымдарының докторы, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Тауеклова А.Е. – аға оқытушы, Ү. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық, Қазақстан.

Sanatbay P.A. – Ph.D. student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Shalgyinbaeva K.K. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Taukelova A.E. – Senior Lecturer, Arkalyk Pedagogical Institute named after Y. Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan.